

Әміров Ә.Ж., Әлімтаева Л.Т.,
Сәткенова Ж.Б.

**«Қазақ әдебиеті» газеті және
термин қалыптастыру мәселесі**

Бұл мақалада қазақ баспасөзінің, оның ішінде таралымы мол, үлкен қоғамдық саяси маңызға ие басылымдардың бірі «Қазақ әдебиеті» газетінің терминдерді қалыптастырудағы рөлі жөнінде қарастырылады. Біз сөз етіп отырған «Қазақ әдебиеті» газеті беттерінде де жаңадан жасалған, аударылып берілген көптеген терминдер қолданылып жүргені байқалды. Солардың ішінде жиі қолданылып жүргендерінің кейбірін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсеттік. Ол терминдердің барлығы дерлік сәтті жасалған деп айтуға болмайды, кейбір терминдердің бірнеше баламалармен беріліп жүргендігі анықталды. Сонымен қатар газет беттерінде қолданылған терминдердің қандай тәсілдер арқылы жасалғанын анықтауға да ұмтылыс жасалды.

Түйін сөздер: термин, қазақ терминологиясы, ұлт тіліндегі терминдер, жаңа атаулар, сөз қолданыстары, сөздік құрам, қазақ баспасөзі, жарыса қолдану.

Amyrov A.Zh., Alymtaeva L.T.,
Satkenova Zh.

**The newspaper «Kazakh Adebieti»
and the problem of term
formation**

In the article the Kazakh press, especially the newspaper «Kazakh literature» as one of the masscirculated publications which are of great political importance, its role in formation of terms are considered. In the article some often used terms are given in concrete examples. It is impossible to tell that all these terms are successfully formed, it is defined that some terms are given in several variants. An attempt to define the methods of formation of the terms used on pages of the newspaper is made.

Key words: the term, the Kazakh terminology, terms in the languages of the nation, new names, the use of words, wordstock, the Kazakh press, to use paralelly.

Амиров А.Ж., Алимтаева Л.Т.,
Саткенова Ж.Б.

**Газета «Қазақ әдебиеті»
и проблема формирования
термина**

В данной статье рассматривается казахская печать, в том числе газета «Казахская литература», как одно из многотиражных изданий, имеющих большую общественно-политическую значимость, его роль в формировании терминов. Термин находит свое первое отражение на страницах издания и входит в словарный состав. В статье сделана попытка определить методы формирования терминов, употребляемых на страницах данной газеты.

Ключевые слова: термин, казахская терминология, термины в языке народа, новые наименования, употребление слов, словарный запас, казахская печать.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»
ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ТЕРМИН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
МӘСЕЛЕСІ**

Терминдердің сұрыпталуына ықпал ететін құралдардың бірі – баспасөз құралдары. Қазақ баспасөзі өзінің даму тарихында сөздік құрам қатарын үнемі жаңа атаулармен, жаңа терминдермен толықтырып келеді және ол сөздердің пайда болу, жасалу, қалыптасу табиғаты да өзіндік ерекшеліктерге ие.

Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінде «ветеран» сөзіне балама ретінде алынған «ардагер» сөзінің жиі қолданысқа түсіп жүргендігі байқалады. Мысалы, Тұрмыстық жағдайлары төмен *ардагерлерімізге* қол ұшын беру мақсатымен «*Ардагер қаламгер қорын*» құрдық, оның үстіне қаланың барлық аудандарына хаттар жазып, сонда тұратын жазушы «*ардагерлерге*» қамқорлық көрсетуін өтіндік. (Қ. Ә.). Бюджетке қарайтын салалардың халі таза мүшкіл, тұрмысы төмен адамдарды, мүгедектер мен зейнет демалысына шыққан *ардагердерді* қолтығынан демеп жіберуге, өндірістегі тозығы жеткен жабдықтарды жаңасымен ауыстыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды қайта құруға қаржы таппай, тапшылықтың зарын тартудамыз (Қ. Ә.).

Ә. Қайдаров бұл балама туралы былай дейді: «Кейінгі кезде *ветеран* деген терминді ардагер деген баламамен ауыстырып алдық. Кейбір жолдастар бұл сөздің төркінін тіліміздегі қайраткер (деятель), заңгер (юрист), кемеңгер (гений) сияқты терминдердің сөзжасам моделімен салыстырады. Сонда арда не? Біздің ойымызша, бұл сөз басқаша жолмен жасалған: ол жылқы малына айтылатын *құлагер*, *қарагер*, *ақтаңгер* деген атаулармен төркіндес. Қазақ атам оны о баста «енесін арда емген кер түсті жас тайға» қатысты, ал ауыс мағынасында «ерке-бұлан» өскен ел ардағына теліген. Мәселен, «Ақан сері – Ақтоқты» драмасында Ақтоқтының тойына келген ханды жиналған жұрт, қуана қарсы алып, «Хош келдің арда керіміз!» деп шулаған жоқ па еді! Сондағы «арда керіміз» алты алашқа серілік өнерімен әйгілі болған әрі ақын, әрі әнші Ақан ғой. Ақан сынды жігітті құлагердей сәйгүлікке, біртума нарға теліп, бейнелеу – сөз дәстүріне тән құбылыс. Ал енді сол жас Ақан бейнесіндегі «арда кер» тіркесі жылдар аттап келіп, еңбек ардагері, соғыс ардагері болып жаңаша қолданыс тауып отыр [1, 33]. Демек, бұрынғы кезде алты алашқа серілік өнерімен әйгілі болған әрі ақпа ақын, әрі саңлақ сазгер, дүлділ әнші, әрі майталман орындаушы Ақан сияқты ұлдарын «арда кер» деп құрметтеген екен. Ал бүгінгі

күні «ардагер» деп бір іске ұзақ уақыт еңбегін сіңірген құрметті, қадірлі азаматтарды атайды. Ш.Құрманбайұлының айтуынша бастапқыда «арда кер» түрінде қолданылып жүрген тіркестің *ардагерге* айналып, жаңа мағынаға ие болуына себеп болған ұғым белгілердің ұқсастығы. Екі сөздің де мағынасында кездесетін ортақ сема – ардақтылық, құрметтілік [2, 55].

«Қазақ әдебиеті» газетінде «Елтаңба» сөзі жиі кездеседі. Мысалы, әсіресе тәуелсіздігіміздің төл белгісін айқындайтын Жалау, *Елтаңба*, Әнұран қабылданған қымбат та, әсерлі сәтгер кімнің жүрегін болса да толқытпай қоймасы анық (Қ. Ә.). Тәуелсіз мемлекет атанып жаңа *елтаңбасы* жарқырап көрініп, әнұраны күмбірлеп естіліп, аспан түстес жалауы желбірген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «Абылайдан Абайға дейінгі», «Сырымнан Әлиханға дейінгі» арманымыз орындалды (Қ. Ә.). Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде «таңба» сөзіне төмендегідей талдау жасалған: қырғызша «тамға» – жылқыға күйдіріп басатын таңба, белгі, печать; түрікменше *тагма, тамга* – таңба, печать. В.В.Радлов: тамға, таңба – белгі таңба, ру таңбасы, печать деп көрсетеді (Радлов. Опыт. Сл I-IV). Кәне түркі тілдерінің жазба ескерткіштеріне тамуа (тамға), тамга (тамқа) – печать (Малов 7 Пам.др. письм. 426). Қазақ тілінің сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстарының үндес ықпалына қарай *тамға* сөзіндегі м дыбысы н-ға, ғ дыбысы б-ға ауысып таңба болып қалыптасқан [3, 182-183]. Сонымен қатар бол сөздің қазақтың шежіре тарихында әрбір ру тайпаның «өзіндік ерекшелігін білдіретін» белгісі мағынасында да қолданылғанын білеміз. Қазіргі уақытта бұл сөздің мағынасы кеңейе келе және ел сөзімен бірігіп «Елтаңба (герб)» мағынасында жұмсалған. Елтаңба белгілі бір мемлекеттің жалауында, ақшасында т.б. болатын ұлттық белгілердің бірі.

Газет беттерінде «беженец» сөзіне балама ретінде «босқын» сөзі қолданылған. Мысалы, *босқынмын* деп келгендердің бәрін оңды-солды қабылдай беріп, сосын ертеңгі күні бітпейтін дауға қалып жүрмейік (Қ. Ә.). Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасу кезеңі, байларды тәркілеу және оған қарсы халық наразылықтары, халықтың *босқыншылыққа*, ашаршылыққа ұшырауы, Қазақстан жеріне күштеп жер аударылған халықтар тағдыры, тағы да басқа құнды көптеген құжаттардың бірсыпырасы қазіргі таңда жариялылыққа байланысты ел тілегін қанағаттандыру жолына түсті (Қ. Ә.).

Босқын – нәсілдік, не ұлттық тегіне, діни сеніміне, тіліне, сондай-ақ әлеуметтік топқа, не саяси танымға қатынасына бола зорлық-зомбылық көр-

гендіктен немесе зорлық-зомбылық көру, басқадай қиянатқа ұшырау қаупі төнгендіктен өзі тұрақты өмір сүретін елден кетіп қалуға мәжбүр болып немесе кетіп қалуға ниеттеніп өзге бір мемлекеттен келген немесе келуге тілек білдірген, бірақ бұл елдің азаматтығын әлі алмаған адам. Негізінен, бейбітшілікке, адамзат баласына қарсы қылмыс істеген не қасақана ауыр қылмыстар жасаған адам Б. ретінде мойындалмайды. Адамды Б. ретінде тану (мойындау) туралы шешімді арнаулы мемлекеттік органдар шығарады. Б. ретінде танылған адамға әдетте арнаулы үлгідегі куәлік берілуі тиіс. Б. ретінде танудан бас тартылған жағдайда бұл шешім әлгі адамға заңда белгіленген мерзім ішінде хабарлануға және де онда бас тартудың себептері мен шағымдану тәртібі көрсетілуге тиіс [4, 51-52]. Орыс тілінде атаудың негізгі мағынасы «қашу» болса, ал қазақ тілінде атаудың баламасы «қаш» емес «бос» түбірінен шыққан.

Көрсетілген деректерді салыстыра отырып, ой жүгіртсек, сөз төркіні түркі тілдері деуге тура келеді. Көп әрі жиі жүрістен, көлік аяғымен шиырлана түскен жол берік әрі мықты болатынын ескерсек, бұған қырғыз тілі дерегі куә болғандай, егер сөз түбірін бір буынды «даң» деп санасак, бұл топшылауымызды тува тілі дерегі қостайды. Тува тілінде дыңғыз –мықты, күшті (Рус.тув.сл. 1980 – 228 б.). Мұндағы «дың» біздегі «даң» мен ұқсас деуге түркі тілдеріне тән а/ы дыбыс сәйкестігі жол береді. Сөйтіп, сөз төркіні түркі тілдері, ал түбірі – «даң-дың», мағынасы – мықты, күшті. Құмық тіліндегі ауыспалы мағына деуге болады да, ал қалмақтар түркі тілдерінен ауысып алуы мүмкін [5, 66-67].

Сондай-ақ газет беттерінде бір сөзге балама ретінде бірнеше сөздің немесе шет тіліндегі нұсқасының жарыса қолданылуы кездесіп отырады. Мәселен, 1992 жылы терминология комиссиясы «гимн» сөзін «әнұран» деп бекіткен болатын. Алайда «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінде «әнұран» атауымен бірге «елұран» сөзінің, кейде тіпті бұрынғы шет тілдік нұсқасы «гимн» сөзінің де жарыса қолданылғаны байқалады. Мысалы, шындығында бұл түкте таңырқайтын нәрсе емес, «*Әнұран жаттайық, әнұран айт-айық*» деп бір-бірімізді үгіттеп жүргеніміздің өзі ерсі сияқты (Қ. Ә.). «Егеменді, дербес, тәуелсіз Қазақ мемлекеті мәңгілік жасасын, желбіреген көк Туымыз, алтындаған Елтаңбамыз, *Елұран* – музыкалық әніміз мәңгілік шырқалсын, әлем қазақты таныған үстіне тани берсін» (Қ. Ә.). Әуежайда екі елдің *гимндері* орындалып, тулары асқақ желбіреп, құрметті карауыл сапқа тұрып, зеңбіректен 21 дүркін салют беріліп: Президент кортеджі қалаға бет алғанда жерде пулеметтер-

мен қаруланған әскери қызмет бөлімшелері сап түзеп, аспанда тікұшақтар ұшып, Президент Н.Ә.Назарбаевқа аса ыстық ықыласты зор құрмет көрсетілді (Қ. Ә.).

Б.Қалиұлы «Жанұя» емес «Отбасы» деген мақаласында мемлекеттік терминология комиссиясы «гимн» сөзін «әнұран» деп бекіткені туралы айта келіп былай дейді: «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде бір топ ақын жазушылардың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасына арналған ашық хаты жарияланды. Онда «Гимн» сөзін әнұран емес, елұран деп түзетіп қабылдаған дұрыс болар еді, – делінген. Сол күннен бастап әлгі сөздің (әнұран, елұран) екеуі де қолданылудан қалды. Халық «елұран» сөзін қолданайын десе, терминком оны «әнұран» деп бекіткен, ал «әнұран» деп қолданайын десе, ол сөз дұрыс емес деген пікір айтылды. Оның үстіне ол пікірді айтқандар – анау-мынау адамдар емес, халқымыздың белді де, беделді ақын жазушылары. Нәтижесінде көпшілік әлгі екі сөздің екеуінен де іргені аулақ салып, «көрген жерде ауыл бар дегендей», баяғы «гимн» сөзіне қайта оралды. Оған дәлел – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні тексінің газет бетінде жариялануы. Онда «Әнұран» да жоқ, «Елұран да» жоқ – «гимн» сөзі алынған [6, 7].

Ш. Сарыбаев «Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар» деген мақаласында: Біздегі бір кемшілік – шеттен келген біз сөзді аударғанда оның бір мағынасын, бір қолданысын

ескереміз де, қалған қолданыс мағыналарына мән бермейміз. Ал аударма арқылы тапқан сөзіміз барлық қолданыстарға жарай бермейтінін ескермейміз. 70-жыл бойы қолданылып келген гректің класс сөзін қолданудан шығарып тастап, арабтың *сынып* сөзімен *кластың* 9 мағынасының біреуін ғана аудардық, ал басқа мағыналарына дәл келіп жатыр ма, жоқ па, онда шаруамыз болмады.

Сонда *летчик высшего класса*, биологиядағы *класс млекопитающих*, сондай-ақ *драгоценные камни первого класса* дегендегі кластың бәрін *сынып* деп алу мүмкін емес қой [7, 38] – десе, Р.Сыздықова «Бұл күндері орыстардан гөрі, араб, иран халықтары бізге «туыстас» көрінді ме, арабша, парсыша сөздерге назар аударма бастаппыз. Мысалы, мемлекеттегі класс дегенді *сынып* деп атауды терминком бекітті. Бұдан не ұттық. Класс сөзі «орыстық» болғандықтан қаштық па, ол күнде *сынып* та төл сөзіміз емес, шетелдік қой» – дейді [8, 5]. Ал Ш.Біләловтың айтуынша класс – топқа, жікке бөлудің белгісі немесе топты, жікті біріктіретін атау [9, 353].

Бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде газет, журналдардың қоғамдық пікір тудыруда өзіндік үлесі бар екендігі даусыз. Соның ішінде басқа да мерзімді басылымдар сияқты «Қазақ әдебиеті» газетінің де атқарған қызметі ерекше. Газет сүзгіден өткен, мән-мағынасы айқын, дау туғыза қоймайтын көптеген ұлттық терминдердің дүниеге келуіне ықпал ете білді.

Әдебиеттер

- 1 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.
- 2 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1988.
- 3 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.
- 4 Тажутов А. Халықаралық экономикалық терминдердің этимологиялық түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 1997.
- 5 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
- 6 Қалиұлы Б. «Жанұя» емес «Отбасы» // Ана тілі. 1993, №29.
- 7 Сарыбаев Ш. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар // Мемлекеттік тіл: терминология, іс-қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – 459 б.
- 8 Сыздықова Р. Қазақ тілі мәдениетінің қазіргі мәселелері // Егемен Қазақстан. 1994, №201.
- 9 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1966. – 425 б.

References

- 1 Kaidarov A. Kazak terminologiyasyna zhanasha kozkaras. – Almaty: Rauan, 1993.
- 2 Kurmanbaiuly Sh. Kazak leksikasinin termindeniyi. – Almaty: Gylym, 1988.
- 3 Kazak tilinin kiskasha etimologiyalyk sozdigi. – Almaty: Gylym, 1966.
- 4 Tazhutov A. Halykaralyk ekonomikalık terminderdin etimologiyalyk tusindirme sozdigi. – Almaty: Sozdik-Slovar, 1997.
- 5 Nurmagambetov A. Bes zhuz bes soz. – Almaty: Rauan, 1994. – 304 b.
- 6 Kaliuly B. «Zhanuya» emes «Otbasy» // Ana tili. 1993, №29
- 7 Sarybaev Sh. Bukaralyk akparat kuraldary tilindegi zhana koldanistar//Memlekettik til: terminologiya, is kagazdary men bukaralyk akparat kuraldarynyyn tili. – Astana, 1999. – 459 b.
- 8 Syzdykova R. Kazak tili madenietinin kazirgi maseleleri // Egemen Kazakistan, 1994, №201.
- 9 Bilalov Sh. Ultytyk gylym tilin kalypstastyrudin ozekti maseleleri. – Almaty: Gylym, 1966.